

**«БАЙТЫМ»**

Шымкент қаласының деңсаулык  
саяхту баскармасының  
ШЖҚ «№10 қалалық емтағасы»  
МКК-ның бас дәрігері  
М.Г.Айтматов  
«07» 10 2024 жыл



**ШЖҚ «№10 ҚАЛАЛЫҚ» МКК  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ  
ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ  
НҰСҚАУЛЫҚ**

## **1. Жалын сұрекшелер**

**1.1.** Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

**1.2.** Осы Нұсқаулықтың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және өзінін лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Шымкент қаласының деңсаулық сактау басқармасының ШЖҚ «№10 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

## **2. Терминдер мен анықтамалар**

**Кәсіпорын қызметкери** – Кәсіпорынның әкімшілік-басқару персоналынан және медициналық персоналынан Кәсіпорынмен еңбек қатынастарында тұратын кез келген жеке тулға.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктері шегіндегі:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою жөніндегі (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу).
- сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, олардың салдарын жою (сыбайлас жемқорлыққа қарсы курес) жөніндегі қызметі.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимылдарың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** – Кәсіпорын қызметі үшін белгіленген сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** – Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі.

**Мұдделер қактығысы** – лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудың және (немесе) тиісінше орындаудың алып келуі мүмкін.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – Кәсіпорынның алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

## **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер**

### **3.1. Нұсқаулық келесі міндеттерді шешуді қарастырады:**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай салыт жүргізу,**

**Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріндегі кез келген сыйбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін калыптастыру;**

**Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыйбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін азайту;**

**Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыйбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын азайтуға және жоюға бағытталған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;**

**Кәсіпорын қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы, сондай-ақ Кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;**

**Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында сыйбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу; жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде ашықтықты, адаптацияның жағдайларын анықтауды жүргізу;**

**3.2. Нұсқаулықта атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс мерзіміне қарамастан әкімшілік-басқару персоналы мен медициналық персоналдан тұратын Кәсіпорын қызметкерлеріне таралатын жалпыға міндетті нормалар мен ережелер қамтылған.**

#### **4. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар**

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін Кәсіпорын қызметтінің бағыттары:**

- 1) сыйлықтар және өкілдік шығындар;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту;
- 3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға үәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер;
- 4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- 5) Кәсіпорынның қызметі шенберінде мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүргізу;
- 6) персоналды басқару;
- 7) ішкі құжаттардың қаржылық және зангерлік саралтамасы.

##### **4.1. Сыйлықтар және өкілдік шығындар.**

**4.1.1. Кәсіпорын іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлышты жүзеге асыруды бизнесті жүргізуінде қажетті бөлігі және жалпы кабылданған іскерлік тәжірибе деп таниды. Кәсіпорын іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлышты шығындарына қызысты адалдық пен ашықтық атмосферасын ынталандырады.**

**4.1.2. Кәсіпорын қызметкерлеріне кез келген сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлышты белгілерін/өкілдік шығыстарды ұсынуга, уәде беруге, сыйлауға, беруге, талап етуге, сұрауға, кабылдауға тыйым салынады:**

**- Кәсіпорын қызметтің сактауға, кенейтуге немесе онтайландыруға немесе кандалай да бір артықшылық немесе пайда алуға ететін шешімдер кабылдауға таңдамалы әсер етудін тікелей**

немесе жанама мақсаты бар, егер бұл әрекеттерсіз қолайлы салдардың басталуы шыныңға жана спайтын болып көрінсе;

- Кәсіпорын атынан емес, қызметкер атынан беріледі;
- сыйлықтар немесе өкілдік шығыстар немесе қонақжайлышқ туралы ақпарат ашылған жағдайда Кәсіпорын мен оның қызметкерлері үшін беделді немесе өзге де тәуекел туғызады;
- қолма-қол немесе қолма-қолсыз ақша қаражаттары, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылады немесе қолма-қол ақшаның және/немесе сәнді заттардың басқа түрлерін немесе баламаларын білдіреді;
- тақырып, құн және нақты жағдай тұрғысынан ақылға қонымды емес.

4.1.3. Кәсіпорын жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысуышысынан сыйлықтар мен қонақжайлышқ белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Искерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес күмән туындаған кезде Кәсіпорынның лауазымды адамы немесе қызметкері тікелей басшысымен немесе компаленс-офицермен көнессу керек.

#### **4.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту.**

4.2.1. Кәсіпорын үшінші тұлғаларды тартудан және КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қағидаттары мен талаптарын, осы Нұсқаулықты бұзатын немесе Кәсіпорын үшін іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын әріптестерімен бірлескен кәсіпорындарға қатысадан қалыс қалады.

4.2.2. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған Кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелері келесі шараларды қабылдауы тиіс:

- Кәсіпорын қызметінің бағыттарын реттейтін ішкі нормативтік күжаттарда белгіленген рәсімдерді қатаң сақтау;
  - мынадай рәсімдерді жүргізу арқылы қызметтегі сыбайлас жемқорлықтың ықтимал көріністеріне қатысты бірлескен жобалар бойынша әріптестер туралы жалпыға қолжетімді ақпарат жинауды жүзеге асыру;
- a) өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуы туралы мәліметтер алу, серіктестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайындығы;
- b) іскерлік беделді және мұдделер қақтығысының жоқтығын тексеру;
- v) жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің болуы тұрғысынан мәліметтер алу.

4.2.3. Кәсіпорын олардың тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жағдайда бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалармен және серіктестермен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады.

4.2.4. Бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді осы Нұсқаулықтың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді.

4.2.5. Кәсіпорын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдердің сондай-ақ мінез-құттық стандарттарының бірлескен жобалары бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестердің қабылдаудың күттайды.

4.3. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер.

4.3.1. Кәсіпорын өз бетінше немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар, олардың жақын туыстары үшін кез келген шығыстарды, Кәсіпорын үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында, оның ішінде көлік, өмір сұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-кампаниялар және т.б. шығындарды төлеуді немесе олардың Кәсіпорын есебінен өзге де пайда алуды жүзеге асырмайды.

4.3.2. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ҚР сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

#### **4.4. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.**

4.4.1. Кәсіпорын мемлекет өкілдерінің, ұйымдардың немесе өзге де тұлғалардың өз қызметін сақтауга, кеңейтуге немесе онтайланыруға әсер ететін шешімдер қабылдаудына тікелей немесе жанама түрде ықпал ету максатында немесе егер мұндай көмек объективті түрде осындаі әсер ету әрекеті ретінде қабылдануы мүмкін болса, қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді. Кәсіпорынның қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету шығындары туралы ақпарат ашық болуы керек.

4.4.2. Кәсіпорын лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды. Мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу Кәсіпорын қызметі шенберінде жүзеге асырылады.

#### **4.5. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау және өткізу кезінде Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасын ғана басшылыққа алу қажет.**

4.5.1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау және өткізу кезінде Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасын ғана басшылыққа алу қажет.

4.5.2. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Занында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу үшін пайдаланылатын ақша қаржатын онтайлы және тиімді жұмсау, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тен мүмкіндіктер беру, сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету, сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілгендерді әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге.

#### **4.6. Персоналды басқару.**

4.6.1. Кәсіпорын кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жылжыту және жұмыстан шығару кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Кәсіпорын:

- персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

- еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;
- персоналдың қызметін бағалауды және өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігіне қарай сыйакы төлеуді жүргізеді;
- қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін негізге ала отырып жоғары тұрған лауазымға жылжыту туралы шешім қабылдайды;
- Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

#### **4.7. Ішкі құжаттардың қаржылық және құқықтық сараптамасы.**

4.7.1. Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына, оның ішінде оларда сыйайлар жемқорлықты (сыйайлар жемқорлық факторларын) көрсету үшін себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің болуы тұрғысынан бекітуге шығарылатын ішкі нормативтік құжаттардың жобаларына қаржылық және құқықтық сараптама және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар өзірлеу белгіленген тәртіппе жүзеге асырылады.

#### **5. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі**

##### **5.1. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:**

- мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алу және оларды реттеу жөнінде шаралар қабылдауға;
- өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Кәсіпорын мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Кәсіпорын мүдделеріне қайши келетін жағдайлардан аулақ болуга. Мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) туындаған жағдайда осы ақпаратты тікелей басшысының не Кәсіпорынның жоғары тұрған басшысының назарына жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

5.2. Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Кәсіпорын қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартудан тұруы мүмкін.

#### **6. Сыйайлар жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлама**

6.1. Егер Кәсіпорында лауазымды адам немесе қызметкер жасаған сыйайлар жемқорлық әрекеті орын алғаны туралы қандай да бір күәлік болса, бұл туралы өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына дереу хабарлау қажет.

6.2. Кәсіпорын қызметкерлері өзге қызметкердің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыйайлар жемқорлық әрекетін жасауға көндіру фактілері туындаған жағдайда және/немесе қызметкерді сыйайлар жемқорлық әрекеттерін жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе құдікттер туралы ақпараты бар болса, өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысын, сондай-ақ комплаенс-офицерді дереу хабардар етуге міндетті.

#### **7. Сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеу**

7.1. Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктар туралы барлық хабарламалар бойынша Кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелерін тарта отырып тексеру не қызметтік тергеу жүргізледі.

7.2. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық фактісі аныкталса, еңбек қатынастарын бұзуга және материалдарды тиісті уәкілдегі мемлекеттік органдарға беруге дейін сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, түзету шараларын қабылдау тергеп-тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

## 8. Жауапкершілік

8.1. Кәсіпорын қызметкерлері осы Нұсқаулықтың талаптарын мүлтікіз орындауға жауапты.

8.2. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі бойынша Кәсіпорынға материалдық залауды өтеуден босатылмайды.

8.3. Нұсқаулықтың талаптарын бұзу Кәсіпорын қызметкерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін және тәртіптік жаза қолдануға негіз болады.

8.4. Нұсқаулықтың талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкелуі мүмкін.

## 9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы нұсқаулықты қолданысқа енгізу мерзімі Кәсіпорынның Басқарма төрағасы бекіткен күн болып есептелсін.

9.2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының заннамасына, сондай-ақ Кәсіпорынның ШКІ нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертулуге жатады. Осы Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Басқарма төрағасы бекітеді.

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ  
«№10 Қалалық сұханасы» МҚҚ

НҰСҚАУЛЫҚ нөмерленді және тігілді  
наракта

Бас дәрігер  М.Г.Айтматов

« 07 »

10

2024 жыл